

**"Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты"
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесіне өзгеріс енгізу туралы" Солтүстік
Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 26 мамырдағы №
76 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 1
тамыздағы № 138 қаулысы

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**
:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2016 жылғы
15 шілдедегі № 179 "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының кейбір
мемлекеттік мекемелерін қайта атау туралы" қаулысымен бекітілген "Солтүстік
Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
туралы Ережеге мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев
ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереженің 15-
тармағының 40), 41) тармақшалары алынып тасталсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның
көшірмесін электрондық түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан
Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми
жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан
Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы қаулыны Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында ресми
жарияланғаннан кейін орналастыруды;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы
Ережеге енгізілген өзгерістер туралы әділет органдарын хабардар етуді қамтамасыз
етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау осы салаға жетекшілік ететін Солтүстік
Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Қ. Омаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК